



**С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық
Медициналық Университеті**

Балалар жасындағы стоматология кафедрасы

АҚШҚ аурулары бар балаларды диагностикалау әдістері

Орындаған: МЕДЕУ А.А.

Қабылдаған: Онайбекова Н.М.

Жоспар:

- АҚШҚ аурулары бар балаларды тексеру әдістері және жіктелуі
- Негізгі тексеру әдістері
- Қосымша тексеру әдістері
- Арнайы тексеру әдістері

- АҚШҚ аурулары бар балаларды тексеру – науқастың шағымына негізделе отырып, объективті тексеру мен қатар қажетті көмекші әдістер нәтижесін өзіне қосатын мақсатқа бағытталған зерттеулер кешені.
- Тексерудің мақсаты нақтама қою, науқастың жеке ерекшеліктерін анықтау, ауру ағымын болжау және емнің тиімді әдісін таңдау болып табылады.

Тексеру әдістері 3-ке бөлінеді:

- Негізгі
- Қосымша
- Арнайы тексеру әдістері

Негізгі тексеру әдістері

- Анамнез (науқасты сұрау) — тексерудің бастапқы кезеңі. Анамнездің мақсаты — науқастан болжам нақтама қоюға мүмкіндік беретін ақпаратты алу анамнез негізінде жатыр.



- Балада ауыру сезіміне шағым болса дәрігер ауыру сезімінің пайда болу сипатын нақтылау керек – өздігінен немесе себепті.
- Анамнезінен ауыру сезімінің орналасуын және таралуын анықтау маңызды.

Объективті тексеру

- Объективті тексеру - баланы қарап тексеру. Ол сырт келбетін және ауыз қуысын тексеруден тұрады.
- АҚШҚ тексеруді еріннің қызыл жиегінен бастайды. Түсіне және жиегіне мән беру керек. Қабыршақтардың бар-жоқтығына қараймыз. Ауыз бұрышына назар аудару керек, өйткені осы жерде жырықтар, мүйізделу орналасуы мүмкін.

- Одан кейін ауыз қуысының кіреберісін қараймыз. Ерінге және еріннің ішкі жағына мән беру керек.
- Ауыз қуысының кіреберісін тексергенде шырышты қабықтың түсі мен ылғалдылығына назар аударамыз. Үзеңгілерді қараймыз.



- Келесі кезекте тіс қатарын қараймыз, тіс доғасына мән береміз. Өткір қырлардың бар-жоқтығына назар аударамыз.
- Тіл беткейін, емізікшелерін тексереміз. Таңдай, ұрт шырышты қабықтарына мән беру өте маңызды.

- Шырышты қабықта жаңа түзіліс немесе жара анықталса оның сипатын анықтап, саусақпен сипап тексереміз. Егер де айқын болмаса симметриялық жақпен салыстырмалы сипап тексеруді жүргіземіз.
- Жаңа түзілісті сипап тексеру кезінде консистенциясымен қатар жанындағы тіндермен байланысын және айналасындағы шырышты қабықты тексереміз. Жараны сипап тексеруде жиегіне, қабынбалы инфильтраттың болуын, ауыру сезімін, қанағыштығын, жарының табанын, түсін, сонымен қатар бөліндісіне назар аударамыз.
- Түзілістің орналасу орнына қараймыз және де мономорфты немесе полиморфты түрде орналасуы мүмкін. Жеке немесе топтасқан түрде орналасады.

Қосымша тексеру әдістері

- Цитологиялық зерттеу
- Бактериоскопиялық зерттеу
- Жалпы клиникалық қан анализі
- Биохимиялық қан анализі
- Гистологиялық зерттеу
- Иммунологиялық зерттеу
- Серологиялық зерттеу
- Люминесценттік зерттеу
- Рентгенологиялық
- Мамандар кеңесі

Арнайы тексеру әдістері

- **Диаскопия әдісі** (эритеманың сипатын және зақымдаушы элементті анықтауға мүмкіндік береді) шыны пластинамен зақымдаушы элементті басады. Егер диаскопия кезінде қызыл тісті дақ бозарып өзгерсе – қабынбалы сипатты; геморрагиялық дақтар диаскопия кезінде түсін өзгертпейді және жоғалмайды.
- Дақтардың сарғыш болуы эксудаттың бар екенін көрсетеді; .
- **Шиллер-Писарев сынаması** (АҚШҚ қабыну үрдісінің дәрежесін анықтайды) қабынуға қарсы терапияның сапасын бақылау үшін және эпителийдің мүйізделу деңгейін анықтау үшін қолданады. Сынама эпителий жасушаларында гликогеннің витальді боялуына негізделеді.

Арнайы тексеру әдістері

- **Стоматоскопия** —зақымдалған шырышты қабықты арнайы құрал люминесцентті фотодиаскоп көмегімен визуальді тексереді, зерттелетін аймақты 20-30 есе ұлғайтып көрсетеді.
- Зерттеу кезінде витальді бояуларды қолдануға болады(Люголь ерітіндісі, гематоксилин немесе толунидин көгі), ондай жағдайда бұл әдіс кеңейтілген стоматоскопия деп аталады.

Қорытынды:

- Қорытындылай келе балаларда ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары кезінде зерттеу әдісін дұрыс таңдай білу өте маңызды.
- Зерттеу әдісі арқылы нақтама айқындалады және ем жоспары анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- [http://intranet.tdmu.edu.ua/data/kafedra/internal/stomat ter/classes stud/ru/stomat/ptn/..htm](http://intranet.tdmu.edu.ua/data/kafedra/internal/stomat%20ter/classes_stud/ru/stomat/ptn/..htm)
- «Google» интернет желісі

Назарларыңызға рахмет!